**Демократиялық Институттар және Адам құқықтары Бюросы**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

## МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТКІЗІЛГЕН ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ 2016 ЖЫЛҒЫ 20 НАУРЫЗ

**ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның сайлауды байқау өкілдігінің қорытынды есебі**

**Варшава**
**27 маусым 2016 ж.**

**МАЗМҰНЫ**


I. ҚЫСҚАША ШОЛУ ..... 1

II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ РЕСМИ МӘЛІМДЕМЕ ..... 3

III. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ МӘНІ ..... 4

IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАР ..... 5

V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ..... 7

VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ..... 10

VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ..... 12

VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫ ..... 13

IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ..... 15

X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ..... 16

A. БАҚ-НЫҢ САЙЛАУ НАУҚАНЫН БАЯНДАУЫ. ..... 16
B. ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ..... 17
C. БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ..... 19

XI. АЗШЫЛЫҚ ҰЛТТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ ..... 21

XII. ШАҒЫМДАР МЕН АПЕЛЛЯЦИЯЛАР БЕРУ ..... 22

XIII. САЙЛАУҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ ..... 23

XIV. САЙЛАУ КҮНІ ..... 24

A. САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУДІ ӨТКІЗУ ..... 24
B. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ ..... 25
C. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ ..... 26

XV. ҰСЫНЫСТАР ..... 27

A. БАСЫМ ҰСЫНЫСТАР ..... 28
B. БАСҚА ҰСЫНЫСТАР ..... 29

I ҚОСЫМША: ДАУЫС БЕРУДІҢ АҚЫРҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ ..... 31

II ҚОСЫМША: БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МИССИЯНЫҢ БАҚЫЛАУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ ..... 32

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ ..... 47

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

# МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТКІЗІЛГЕН ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ
# 2016 ЖЫЛҒЫ 20 НАУРЫЗ

## ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның сайлауды байқау өкілдігінің қорытынды есебі[1]

## I. ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақстан Республикасының билігі 2016 жылдың 20 наурызында мерзімінен бұрын өткізілетін парламенттік сайлауды байқауға шақырғаннан кейін ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 17 ақпан күні Сайлауды байқау миссиясының жұмысын бастады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның СБМ-ы Қазақстанда 30 наурызға дейін болып, сайлау процесінің ЕҚЫҰ миссиясы мен демократиялық сайлауларға қатысты халықаралық стандарттарға, сонымен қатар ұлттық заңнамаға сәйкес өтуін тексерді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның СБМ-ы сайлау күні ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА) байқаушы делегацияларымен бірге жұмыс істеді.

2016 жылғы 21 наурызда жарияланған Алдын ала қорытындылар мен нәтижелер бойынша мәлімдемеде 20 наурыз күні мерзімінен бұрын өткізілген парламенттік сайлау «жүйелі ұйымдастырылған, онда біраз ілгерілеу байқалды, алайда ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлауларға қатысты міндеттемелерін орындау үшін Қазақстанның жетілдіретін жақтары әлі де болса жеткілікті. Құқықтық жүйе негізгі азаматтық құқықтар мен адам құқықтарының орындалуын шектейді, оған жан-жақты реформа қажет. Науқанның тиімді жақтарын айтатын болсақ, кандидаттарды тіркеу жақсы қамтыла отырып өткізілді, сайлауға алты партия қатысты, дегенмен де шынайы саяси таңдау мүмкіндігі әлі де болса жеткіліксіз. Сайлау науқаны тыныш өтті, жалпы алғанда, кандидаттар осы науқанды еркін түрде жүзеге асыра алды. Мемлекет қаржыландыратын БАҚ-тар кандидаттарды бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге ұмтылды, бірақ та саяси пікірталас пен талдаулар аса жеткіліксіз болды, сонымен қатар биліктегі партияның Үкіметпен тығыз байланыста болғаны оған өз пайдасын тигізді. Сайлау күні дауыс бергенде және дауыстарды санау мен деректерді кестеге түсірген кезде өрескел қателіктер мен бұзушылықтардың орын алғаны байқалды. 2017 жылы өтетін реформалау бірқатар жетілдіруге жол ашарына үміт білдіріледі. Билік халықаралық байқаушыларды «ашық түрде және ешқандай шектеу қоймай шақырды» деп айтылды.

Сайлау бойынша Конституцияда берілген нормалар халықаралық стандарттарға және Қазақстанның демократиялық сайлаулар жөніндегі міндеттемелеріне әлі де болса сәйкес емес. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ берген ұсыныстарға қарамастан, сайлау құқықтарын, жиналыс және сөз бостандықтарын шектейтін тармақтар мәселесі

әлі де болса шешілмеген. Жағымды жағын айтатын болсақ, Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның ұсыныстарын ескере отырып, «Сайлау туралы» Заңға 2017 жылы қарастырылатын жан-жақты түзетулерді әзірлеп жатқанын атап өтті.[2]

---

[1] Осы есептің ағылшынша нұсқасы ресми құжат болып табылады. Қазақ және ағылшын тілі ресми емес аударма болып есептеледі.

[2] Қазақстан Республикасының барлық алдыңғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ есептерін қараңыз.

Жалпы, ОСК кәсіби деңгейде жұмыс істеді. Оның сессиялары ашық болып, байқаушылар, БАҚ пен саяси партиялардың өкілдері оларға жүйелі түрде қатысып отырды. Дегенмен, төмен деңгейдегі сайлау комиссиялары өз сессияларын қалыптасқан жағдайға байланысты (ад хок) өткізгеніне байланысты, ол туралы мүдделі тараптарға қажет кезінде хабар берілмеді, яғни бұл процестің ашықтығына кедергі жасады. «Сайлау туралы» Заң саяси партиялардың сайлау комиссияларында өкілдік етуін қамтамасыз етуді мақсат етсе де, оны жүзеге асырудың ешқандай тетігін қарастырмайды; осыған байланысты де-факто түрде алғанда төмен деңгейдегі сайлау комиссияларында «Нұр Отан» партиясының өкілдері басқаларға қарағанда көбірек болды. Оларда Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының өкілдігі әлдеқайда аз болып, мұның өзі сайлау әкімшілігінің қаншалықты әділ болғанына күмән туғызды.

Сот құқығы жоқ деп таныған және қылмысының ауырлығына қарамастан, қамауда отырған адамдардан басқа, 18 жасқа толған азаматтардың барлығы дауыс беру құқығына ие. Осы жалпылай берілген заң тармағы халықаралық стандарттарға, ЕҚЫҰ миссиясына және ұсынылатын нормаларға қайшы келетін үйлесімсіз шектеулерді көздейді. Тіркелген дауыс берушілер саны 9 810 852 адам, оның ішінде 14 013-і шетелде. Тиісті мекемелердің арасында ақпарат алмасудың жүйелі тетігі қарастырылмаған және тізімдерді салыстыру арқылы бір адамның бірнеше рет дауыс беруін болдырмау ісі жеткілікті дәрежеде жүзеге асырылмады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өкілдерінің көбісі дауыс берушілерді тіркеуге қатысты сенімсіздік білдірмесе де, сайлау күні өткен процестер дауыс берушілер тізімдерінің қаншалықты нақты болғанына сұрақ туғызды.

Кандидаттарды тіркеу, қолданыстағы заңнамадағы шектеулерге қарамастан, жақсы қамтыла отырып өткізілді. ОСК алты саяси партиядан ұсынылған барлық 234 кандидатты заңда белгіленген мерзімде, 19 ақпанға дейін тіркеді. Заң бойынша тәуелсіз кандидаттар сайлауға қатыса алмады және саяси партиялар сайлау блоктарын құра алмады, бұл ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және халықаралық міндеттер мен стандарттарға қайшы келеді.

Заңда әйел адамдардың сайлауға қатысуын қолдайтын арнайы шаралар көзделмеген. Жалпы есеппен партиялық тізімдегі 234 кандидаттың 47-сі (20 пайызы) әйелдер. Өңірлік және аумақтық сайлау комиссияларында әйел адамдардың қатысуы тиісінше 34 және 46 пайыз, ал учаскелік сайлау комиссия (УСК) мүшелерінің арасында әйелдер үлесі 70 пайыздан астам.

Көп жылдар бойы үкіметтік және әкімшілік деңгейлердің барлығында «Нұр Отан» партиясының үстем болуы қазіргі күнде ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатында көзделген саяси плюрализмнің дамуына кедергі келтіріп отыр. Оның үстіне, бұл үстемдік мемлекет пен партияның арақатынасына бүкпесіз сипат бермейді, бұл да халықаралық міндеттемелерге қайшы келеді.

Заңда белгіленген, көпшіліктің қатысуымен жиналыстарды ұйымдастыруға салынған тыйымдарға қарамастан, кандидаттар елдің әр жерінде сайлау науқандарын емін-еркін өткізе алды. Соңғы екі аптада іс-шаралар саны көбейсе де, науқан жалпы алғанда тыныш өтті. Алты партияның сайлауға қатысуы дауыс берушілерге таңдау берсе де, партиялардың науқандық тұғырнамалары мен сөздерінің тақырыбы Президенттің ұзақ мерзімді стратегияларына сәйкес келіп, оларды толықтырды. Қатысушылардың көбісі билеуші партияға қарсы шықпады және оған ешбір саяси балама ұсынбады, яғни дауыс берушілердің шынайы саяси таңдауы шектеулі болды.

ОСК-ға қойылған, науқан кезінде әр партияның жалпы алған және жұмсаған қаржысын айына екі рет жариялау туралы жаңа талап жағымды өзгеріс болды. Дегенмен, ОСК-дан

қаржыландыру көздерін және науқан қаржысы қалай жұмсалғанын толық жариялау талап етілмегендіктен, науқан қаражатының ашықтығы шектеулі болды.

Конституцияның өзі сөз бостандығын қамтамасыз етіп, цензураға шек қойса да, заңнамада қоғамдық талқыны және баламалы көзқарастарды шектейтін бірнеше тармақ бар. БАҚ-тың көбісі Президенттің іс-шаралары кеңінен қамтып, билеуші партияның пайдасына жұмыс істеді. Оның жағымды жағы, мемлекет қаржыландыратын БАҚ сайлауға қатысушыларға бірдей мүмкіндік пен қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін белгіленген мерзім мен оларды орналастыруға байланысты ресми талаптарды орындауға елеулі талпыныс жасады. Алайда, бір үміткер партияның тұғырнамасы мен жетекшілері басқаларға қарағанда айтарлықтай кем қамтылды. Дауыс берушілер кандидаттар мен олардың нақты саясаты туралы көбірек ақпарат алатындай, терең және жан-жақты талдау болмады.

Заңда дауыс берушілер мен партиялар сайлау процесіне қатысты шағымдарымен сотқа, жоғары деңгейдегі комиссияларға және прокурорларға жүгіне алатындай жеткілікті мүмкіндіктер көзделген, дегенмен, сайлау нәтижелеріне апелляция беру құқығы тек кейбір жоғары қызметтегі тұлғаларда ғана бар, яғни қатысушылардың сайлау нәтижелерінің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі шектеулі, бұл халықаралық стандарттарға қайшы келеді. Науқан кезінде жазылған бірнеше шағымдарды соттар мен прокурорлар дереу қарастырды. Аталған мәселелер бойынша ОСК-ға қатысты шағым болмағандықтан, олар алқалар мен көпшіліктің қатысуынсыз шешілді.

Науқандарда аз ұлттар мәселесі елеулі түрде қарастырылмады. «Сайлау туралы» Заңда аз ұлттардың сайлау процесіне қатысуы Қазақстан халқы Ассамблеясының тоғыз депутатты Мәжіліске жанама түрде сайлау нысанында ғана қамтылған.

Сайлау күні дауыс беру, оларды санау және кестелерге түсіру процестерінде өрескел қателіктер мен бұзушылықтар болғаны байқалды. Дауыс берген кезде байқаушылар жалған бюллетеньдердің көптеп салынғанын, дауыс берушілер тізіміне өте көп адамдардың қосылғанын, осыған қоса басқа адамның атынан дауыс берілгенін байқады. Санау кезінде УСК-лар процестің жүйелілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін келістіру шараларын айтарлықтай дәрежеде орындамады. Кестеге түсірудің төмен бағалануы көбінесе жалпы процестегі бұзушылықтарға байланысты болды. СБМ-нің халықаралық байқаушылары процесті байқаған кезде оларға жиі кедергі жасалғандықтан, ашықтық шектеулі болды.

## II. КІРІСПЕ ЖӘНЕ РЕСМИ МӘЛІМДЕМЕ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (СІМ) 2016 жылғы 20 наурызда мерзімнен бұрын өткізілетін парламенттік сайлауды байқау мақсатында жолдаған шақыртуына сүйене отырып, ЕҚЫҰ Демократиялық Институттар және Адам құқықтары Бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 17 ақпанда Сайлауды Байқау Өкілдігін (СБӨ) бекітті. СБӨ басшылығы Елші Борис Фрлек пен 12 сарапшыны Астана қаласына бекітіп, 28 ұзақ мерзімді байқаушылардан құрылған (ҰМБ) топты елдің басқа өңірлеріне жіберді. Өкілдік мүшелері ЕҚЫҰ-ға қатысушы 19 мемлекеттен іріктеп алынды.

Сайлау күні ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясынан (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясынан (ЕКПА) келген байқаушылармен бірлесе отырып, Халықаралық Сайлауды Байқау Өкілдігін (ХСБӨ) құру үшін жұмыс істеді. Мариетта Тидей ЕҚЫҰ Арнайы Үйлестірушісінің Атқарушы Төрайымы және қысқа мерзімді байқау өкілдігінің басшысы болып тағайындалды. Джейр Джорган Беккеволд – ЕҚЫҰ ПА делегациясына, ал Джорди Ксукла ЕКПА делегациясына басшылық етті.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ Қазақстанда сайлаудан кейінгі жағдайды байқау мақсатында 30 наурызға дейін өкілдік етті. Жалпы алғанда, 41 мемлекеттен 359 байқаушы қатысты, оның ішінде 282 ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді байқаушылар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ арқылы жіберілді, сонымен қатар 64 парламент мүшесі мен ЕҚЫҰ ПА өкілдері және 14 ЕКПА мүшесі қатысты. Сайлауды байқау жұмыстары 9,840 сайлау учаскесінің ішінде 1,465 сайлау учаскесінде жүргізіліп, 143 сайлау учаскесінен жиналған дауыс нәтижесі 208 аумақтық сайлау комиссиясының ішінде 126-ында белгіленді. Мерзімінен бұрын өткізіліп жатқан парламенттік сайлаумен бір мезгілде өткізілген жергілікті сайлауға да осы парламенттік сайлау деңгейінде байқау жүргізілді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ сайлау процесінің сәйкестігін ЕҚЫҰ миссиясы мен халықаралық демократиялық сайлау стандарттарына және ұлттық заңнамаға сүйене отырып бағалады. Осы Қорытынды есеп Алдын ала есептелген Жинақ мәлімдеме мен Қорытындыға сәйкес Астана қаласында 21 наурызда өткен баспасөз жиынында жария етілді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ Қазақстан билігіне сайлауға байқаушы ретінде шақырғаны және Орталық Сайлау Комиссиясы мен СІМ-нің және өзге құзырлы органдардың көмегі мен ынтымақтастығы үшін өз алғысын білдіреді. Сонымен қатар, саяси партиялар, БАҚ өкілдеріне, қоғамдық ұйымдарға, халықаралық қауымдастық пен өзге де мүдделес әріптестерге өз алғысын білдіреді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ, сондай-ақ, Астана қаласындағы ЕҚЫҰ бағдарламалары Кеңсесіне серіктестігі мен ынтымақтастығы үшін алғысын білдіреді.

## III. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСИ МӘНІ

13 қаңтарда Мәжіліс (Парламенттің төменгі палатасы) депутаттары Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Парламентті тарату туралы өтініш білдіріп, сайлау өткізуге бірауыздан келісті.[3] Бір аптадан соң Президент 20 наурыз күнін мерзімінен бұрын парламенттік сайлау өтетін күн деп бекітіп, сонымен бір мезгілде мәслихат (жергілікті кеңес) депутаттарының сайлауы да қатар өтетінін жариялады. Бұл сайлау осымен үшінші рет мерзімінен бұрын өткізілген парламенттік сайлау болып табылады. Билік өзінің сайлауға қатысты миссиясын оны ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сай өткізу деп жариялады.[4]

Қазақстанда жеті саяси партия тіркелген, оның бесеуі 2012 жылы мерзімінен бұрын өткен парламенттік сайлауға қатысып, ол сайлау Президент Назарбаев басқаратын «Нұр Отан» партиясының кезекті екінші сәтті жеңісімен аяқталды. Тиісінше, «Нұр Отан» партиясы сайлауға түскен 98 орынның 83-ін жеңіп алды, «Ақжол» Демократиялық партиясы мен Қазақстанның Коммунистік Халықтық партиясы тиісінше 8 және 7 парламенттік орынды иеленді. Парламенттік партияға жатпайтын партиялардың қатарында «Ауыл» Халықтық Демократиялық Патриоттар партиясы, «Бірлік» партиясы мен Жалпыхалықтық Социал-Демократиялық партиясы (ЖСДП) болды. Тіркелген жеті партияның алтауы сайлауға

2015 жылғы 3 тамызда Әділет министрлігінің (ӘдМин) өтінішіне орай Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының үкімі бойынша Қазақстан

[3] 18 қаңтар 2016 жылғы ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы мәлімдеді: "сайлау қажеттілігінің басты себебі қатысушылар болып табылады, сайлаушылар үшін Мәжілісінің және Мәслихаттардың [жергілікті кеңестер] іс-қимыл жөніндегі реформаларды іске асырудың барлық деңгейлерінде әлеуметтік бірлікті жеткізу кіреді. Сондай-ақ, депутаттардың сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы өтінішін қараңыз.

[4] 2016 жылдың ақпанында, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының қысқы сессиясына Сенатының төрағасы мәлімдеді: "парламенттік сайлау ашық және ұлттық заңнамасына сәйкес және халықаралық стандарттарға сәйкес өтуі тиіс».

Коммунистік партиясын (ҚКП) тіркелу талаптарына сай келмегендігі негізінде тарату туралы шешім қабылданды[5]. ӘдМиннің тіркеу кезінде анықталған кемшіліктерді түзетуге берген үш айынан соң, сот партия қызметін 2015 жылғы президент сайлауы кезінде уақытша тоқтата тұру туралы шешім шығарды.

Мемлекеттің саяси бейнесі «Нұр Отан» партиясының айқын басымдығымен айшықталып, мемлекетте шынайы оппозицияның жоқтығымен ерекшеленеді, мұндағы оппозиция рөлін санаулы ғана мемлекеттік сыншылар не бас бостандығынан айырылған не болмаса өзге елге қуылған адамдар атқарып жүр. [6]

2015 жылғы желтоқсан айында Қазақстан үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қатысты заңға бірқатар түзетулер енгізді. Түзетулердің ішінде: ұйым қызметінің есеп беру тәртібін ұлғайту, қызметкерлерді, еріктілер мен қаражатты пайдалануды және халықаралық қаражатқа деген тұрақты мүмкіндікті шектеу, азаматтық қоғам қызметіне қосымша бақылау орнату, ұйымның тиімді жұмыс істеуі үшін тиісті есеп тапсырылмаған жағдайда, ұйым қызметін тоқтататын салық салу бар. 1 наурыз күні Мәдениет және спорт министрі осы жаңа түзетулерді жүзеге асыратын ережелерге өзгерістер енгізді, есеп беру талаптарының анықтығына орай енгізілген түзетулер саны аз болды. Алайда, үкіметтік емес ұйымдар парламенттік сайлауда азаматтардың байқауға қатысу мәселесіне байланысты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ-ге өз алаңдаушылықтарын білдіріп, бұл түзетулер азаматтық қоғамның тиімді жұмыс істеуіне теріс әсер етуі мүмкін екенін айтты.[7]

## IV. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТАР

Сайлаудың конституциялық шарттары – халықаралық стандарттарға, ал Қазақстанның миссиясы демократиялық сайлау талаптарына сай келе бермейді. Қазақстанның Парламенті қос Палатадан тұрады, олар: 107 мүшесі бар төменгі палата (Мәжіліс) пен 47 мүшесі бар жоғарғы палата (Сенат).[8] Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты жалпыхалықтық сайлау арқылы, пропорционалды өкілдік негізінде сайланады. Қалған тоғыз мүшесі Президент құрған консультативтік орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) арқылы сайланады.[9] Бұл тәртіп ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Келісімінің 7.2-бабындағы: «барлық мандаттар, атап айтқанда бір ұлттық заң шығару палатасындағы мандаттар тек жалпыхалықтық дауыс беру арқылы шешілуге тиіс» деген қағидаға қайшы келеді.

5 Кемшіліктер: мекен-жайы қатысушының нақты орталық кеңсесінің және 13 филиалдарында нақты емес, байқалған жағдайда, тіркеу құжаттарында жоқ; талап етілетін партия мүшелерінің санының ең төмені 40,000; саны-партияның бірнеше бұтақтарында төмен түскен 600 дауыс талап етіледі; партияны қолдамаймын тізімі электрондық партия мүшелерінің барлық тармақтарында сақталмаған;, салық заңнамасының және салықтық декларацияларды табыс етпеуі бар.

6 Қатысушы мемлекеттер 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының «3-тармағында демократия құқықтық мемлекеттің ажырамас элементі екенін растайды. Олар саяси ұйымдарға қатысты плюрализмнің маңыздылығын мойындайды.

7 19 қазанда 2015 жылғы БАҚ бостандығы жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі (ББӨ), Дунья Миятович «шетелдік гранттар бақылауды қоса алғанда, қатаң үкіметтік бақылауында ҮЕҰ-қоятын заң жобасын таныстырғанын ескертті, жалпы азаматтық қоғам үшін мазаланатын жағдай» деді.

8 Еліміздің 14 өңірінде әр өкілі органдары, сондай-ақ Астана және Алматы қалалары, екі сенатордан сайлайды. Сонымен қатар, Президент 15 сенаторды сайлайды.

9 ҚХА елдің түрлі этникалық топтар тұрғандықтан білдіреді. Ол қазіргі уақытта оның негізгі рөлі қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру процесінде этносаралық келісім қамтамасыз ету болып табылады, этностық және мәдени бірлестіктердің 446 өкілдерін құрады.

Сонымен қатар, ҚХА мүшелерінің тікелей сайланатын Мәжіліс депутаттарына да дауыс беруге құқығы бар. Осылайша, ҚХА мүшелері бір сайлауда екі рет дауыс беру құқығын тиімді пайдалана алады. Мұндай ереже демократиялық сайлаудың халықаралық міндеттері мен стандарттары қағидасындағы, сондай-ақ Конституциядағы дауыс беру теңдігіне қайшы келеді. [10]

*Парламент Палатасындағы барлық мандаттардың тікелей жалпыхалықтық еркін дауыс беру арқылы сайлануын қамтамасыз ету үшін, ЕҚЫҰ миссиясында көзделген дауыстың тұтас теңдігі қағидасын қолдау мақсатында заңнама қайта қарастырылсын.*

Мандаттарды үлестіру үшін партиялар кем дегенде жалпы дауыс санының жеті пайызын иемденуге тиіс, бұл көрсеткіш ЕҚЫҰ өңіріндегі ең жоғарғы шек болып болып табылады. [11]Егер қандай да бір партия бұл шектен асатын болса, онда дауыс саны жағынан екінші болып тұрған партия кем дегенде екі мандатқа ие болады. Сайлаудан кейін мандаттар кандидаттарға партиялық тізім бойынша үлестіріледі және кандидаттар тізімнің ешбір тәртібіне тәуелді болмайды. Бұл тәжірибенің тиімді екендігіне қарамастан, мұндай тәртіп дауыс берушілердің бақталастарға қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуын шектейді. [12]

*Дауыс берушілерді олар таңдаған партия атынан түсіп жатқан өкіл туралы жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін кандидаттарға мандаттарды партиялық тізім бойынша үлестіру жүйесі қайта қарастырылсын.*

Парламенттік сайлау тікелей Конституция, «Сайлау туралы» Конституциялық заң, «Саяси партиялар туралы» Заң, сондай-ақ Орталық Сайлау Комиссиясы (ОСК) арқылы басқарылады. Сонымен қатар, өзге де қолданылатын заңдар қатарында: бейбіт жиналыстар туралы заң, БАҚ туралы заң, Ақпарат туралы заң және Ақпаратты тарату заңы, сондай-ақ тәртіпке қатысты Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылық және Азаматтық, Азаматтық-процестік кодекстер бар.

Қазақстанның демократиялық сайлау стандарттары мен ауқымды халықаралық және өңірлік құжаттардағы міндеттемелерді ұстанатынына қарамастан, онда шектеуші тәртіп, атап айтқанда кандидаттардың дауыс беру құқығы мен айыпталушылардың дауыс беру құқығына және жиынның еркіндігіне салынатын шектеу сақталып отыр.[13] Сайлаудың заңдық шарттары аясында ЕҚЫҰ-ның демократиялық сайлау міндеттеріне және өзге де

---

10 Тең сайлау құқығы қағидаты 1948 жылғы Адам құқықтарының (АСҚХП) және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 1966 (АСҚХП) 25-бабында (б) 21-бабына (3) көзделген. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД конвенциясы) қатысушы мемлекеттер 2002 демократиялық сайлау стандарттары туралы конвенцияны, сайлау құқықтары мен бостандықтарын бап 3а), әрбір азамат басқа азаматтардың бір дауысқа немесе тең дауыс саны бар «басқа азаматтармен теңдік дауыс беру құқығын жүзеге асыруға құқылы деп есептейді». Қазақстан Республикасының Конституциясының 51,1 парламенттік сайлау тең сайлау құқығы негізінде өткізілуі тиіс деп көрсетілген.

11 Кейбір ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ кеңесшілері сайлау қарсаңында парламентте плюралистік өкілдіктің әсері туралы алаңдаушылық білдірді.

12 Мемлекеттік органдардың бірқатар міндеттемелер бар «онда сайлау мәселелері бойынша Демократия үшін құқық арқылы Европаның Европалық комиссияның 2002 кеңесінің Жақсы тәжірибе (Венеция комиссиясы) бар дейді Кодекс секциясын I.3.3.1.b.ii қараңыз, олар тиісті орналастыру арқылы, мысалы, сайлау тізімдерімен және кандидаттарды білу керек .

13 1966 АСҚХП, Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі 1979 конвенциясының (ӘКНЖК), сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2003 Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенциясының (БҰҰМҚК), Мүгедектердің құқықтары туралы 2006 жылғы Конвенция (мүше мемлекеттердегі), және 2002 ТМД, оның ішінде Конвенцияға сүйене отырып, 2012 жылдан бастап, сондай-ақ, Қазақстан Венеция комиссиясының мүшесі болып табылады.

халықаралық міндеттер мен стандарттарға сай іргелі азаматтық және саяси құқықтарға елеулі реформалау жүргізу қажет.

Қазақстан билігінің бұрын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның көптеген ұсыныстарын орындағаны туралы бірнеше рет мәлімдеме жасағанына қарамастан, сайлау заңнамасына қатысты алғанда, 2012 жылы өткен парламенттік сайлауды реформалау жұмысы аз көлемде ғана атқарылған, тіпті ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарының барлығы дерлік өз шешімін таппай қалған. 2015 жылы «Сайлау туралы» Заңға институционалды реформалау бастамасының бір бөлігі ретінде сот жүйесі заңнамасының өзгерістерін мақұлдау мақсатында аз ғана өзгерістер енгізілді. [14]Бір қуантарлығы, ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ көрсеткен бұрынғы ұсыныстарды ескеріп, 2017 жылы «Сайлау туралы» Заңға өзгерістер енгізуге қатысты жан-жақты ұсыныстарды әзірлеу үстінде.

*Заңнамалық негіз ЕҚЫҰ-ның миссиясына және өзге де халықаралық талаптар мен стандарттарға, сондай-ақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ көрсеткен, өткен және қазіргі сайлауға берілген бағалар мен ұсыныстарға сай жан-жақты қамтылған болуға тиіс. Реформа келесі сайлауды ескере отырып, барша мүдделес тараптармен, оның ішінде азаматтық қоғаммен ашық және кең көлемде кеңес жүргізу арқылы жүзеге асырылуға тиіс.*

## V. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ

Сайлау ОСК, 16 өңірлік сайлау комиссиясы (ӨСК), 208 аумақтық сайлау комиссиясы (АСК) және 9840 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) арқылы жүзеге асырылады.[15] Барлық бір деңгейлі жеті мүшелі комиссия бес жылдық мерзімге тағайындалады.

ОСК сайлау заңнамасын жүзеге асыруға және оның міндеттерін іске асыруға жауап беретін тұрақты орган болып табылады. ОСК-ның Төрағасы мен екі мүшесін Президент тағайындайды, ал Сенат пен Мәжілістің әрқайсысы оған екі мүшеден тағайындауға құқылы. Қазіргі ОСК алты мүшеден тұрады, оның ішінде екі әйел бар және бір орын бос лауазым болып табылады.[16]

Барлық төмен дәрежелі сайлау комиссияларын мәслихаттар сайлауға қатысып жатқан саяси партиялардың өкілдері негізінде құрады, ал егер онда адам жетіспей қалған жағдайда, комиссия мүшелері қоғамдық бірлестіктерден немесе жоғарғы дәрежелі сайлау комиссиясынан алынады.[17] ОСК берген мәліметке сүйенетін болсақ, ӨСК мүшелерінің 34 пайызын, ӨСК төрағаларының 25 пайызын, сондай-ақ АСК мүшелерінің 46 пайызын және

---

[14] 18 қараша 2015 жылғы Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы 31 шілде 2015 жылғы Азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру Конституциялық заңына өзгерістер енгізу және құқық туралы Заңды қараңыз.

[15] ӨСК құрамында мемлекеттен тыс жерде, 51 дипломатиялық миссияда орналасқан 65 сайлау учаскесі бар. ӨСК облыстық (өңірлік) әкімшілік деңгейінде құрылған: оған 14 облыс пен Астана және Алматы қалалары енеді. АСК өңір, қала, қаладағы аудан деңгейінде құрылады.

[16] Оның мүшелерін Президент 2008 жылы тағайындаған. Ол Президенттің өкімі бойынша 2012 жылдың қазан айында өз міндетін атқарудан босатылып, 2012 жылдың қараша айында Мәжіліс хатшысы болып тағайындалды.

[17] Кандидаттардың сайлауға түсіп жатқан саяси партиялардың мүшесі болуы міндет емес. «Сайлау туралы» Заң сонымен қатар сайлау комиссияларының мүшелеріне қисыны жоқ талаптар қояды, депутаттар, кандидаттар, судьялар және кейбір мемлекеттік қызметшілер комиссия құрамында жұмыс істей алмайды. Бір жағдайда байқаушының байқағаны Степногорск қаласындағы АСК хатшысы жергілікті сайлауға кандидат ретінде түскен, бұл «Сайлау туралы» Заңның 20.12.2-бабына қайшы келеді.

АСК төрағаларының 27 пайызын әйелдер құрайды. Сайлау учаскелерінде УСК мүшелерінің 70 пайыздан астамы – әйелдер.

Заңға сәйкес, әрбір партия аталған комиссияда бір орынға ие бола алады; алайда, мәслихат депутаттары сайлау комиссиясын қалыптастыруда саяси партияның кандидаттары ретінде қатыса алмайды. Сонымен қатар, заң партия өкілдерінің комиссияда болуына кепілдік бермейді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ қатысқан кейбір төмен дәрежелі сайлау комиссияларының барлық мүшелері түгелдей «Нұр Отанның» өкілдері болып табылды.[18] Кейбір өзге жағдайларда комиссия құрамы өздері таныстырған ұйымдар туралы хабарсыз болып шықты. «Нұр Отанның» сайлау комиссияларында басым көпшілік қолдауға ие болып отырған жағдайы «Сайлау туралы» Заңда көзделген мақсатқа қайшы келеді, оған сәйкес әрбір төмен дәрежелі сайлау комиссиясы бір ғана мандатқа ие, бұл өз кезегінде халықаралық стандарттардағы әділдік пен тұтастық қағидаттарының бар екендігіне күмән туғызады.[19] Әділдіктің жоқтығы мүдделі тараптардың сайлауды жүргізуде келеңсіз жағдай туындатуына әсер етті.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ-нің кейбір мүшелері сайлау комиссияларында жариялылықтың қалыптаспағанына алаңдаушылық білдірді.[20] Кейбір жағдайларда, тіпті, ҰӘДП арқылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне мәслихаттың ӨСК мен АСК-ға мүше болуға рұқсат алған кандидаттардың ешбірін сайламағаны жөнінде хабарланды.[21] Мұндай нәтиже ҰӘДП-ның маңызды дәрежеде билігі бола тұра, жалпы мемлекет бойынша ӨСК мен АСК лауазымдарында жеткілікті деңгейде өкілдік етпейтінін білдіреді.[22]

*Заңға сайлау комиссиясында саяси партиялардың өз өкілдігін әділ түрде жүргізетініне кепілдік бере отырып, комиссия мүшелері ауыстырылған жағдайда, процестің ашықтығын, партиялар өкілдігінің сақталуын объективті түрде қамтамасыз ететін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қажет.*

---

[18] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне хабарланғандай, кей жағдайларда «Нұр Отан» партиясының мүшелері өзге ұйымдардың атынан комиссия мүшелері болған. Мұндай жағдайлар АСК деңгейінде Мамлүт, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарақия, Риддер, Семей, Батыс Қазақстан облыстарында орын алған.

[19] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне хабарланғандай, кей жағдайларда «Нұр Отан» партиясының мүшелері өзге ұйымдардың атынан комиссия мүшелері болған. Мұндай жағдайлар АСК деңгейінде Мамлүт, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарақия, Риддер, Семей, Батыс Қазақстан облыстарында орын алған.

[20] БҰҰ Адам құқықтары туралы Кеңесінің (БҰҰ АҚК) 1996 жылғы Жалпы Қарарының 20-тармағының талабы бойынша: «тәуелсіз сайлау билігі сайлау процесін байқау мен қамтамасыз ету мақсатында сайлаудың әділ, Пактіде көрсетілген, заңға сәйкес өтуін қамтамасыз ету керек». 2002 жылғы Венециялық сайлау Комиссиясының әділ өткізілуі Кодексіне сай II бөлімнің 3.3.1-тармағына сәйкес «Саяси партиялар сайлау комиссиясына бірдей дәрежеде таныстырылуы керек немесе органдардың әділ жұмысын кедергісіз бақылай алу керек.» 2002 жылғы ТМД Конвенциясының 19.2-бабына сәйкес «Қатысушы Мемлекеттер мемлекеттің заңдық міндетіне сәйкес тәуелсіз, әділ, еркін және демократиялы сайлауды өткізу» жөнінде өзіне міндеттеме қабылдады.

[21] Комиссия мүшелері сайлау комиссияларын таңдаудағы тәртіпті нақты сипаттап бере алмады, тіпті кейбіреуі мәслихаттың комиссия мүшелерін таңдауда қандай өлшемшарттарға сүйенгенін де анықтап бере алмады. 2003 жылғы БҰҰЖҚК-ның 7.1-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер тарапынан мемлекеттік қызметшілерді таңдауда қажетті шараларды қабылдау, таңдау процедурасының әділ өтуі заңдағы ашықтық пен тиімділік, объективтілік қағидаттарына сай болу керектігінің маңыздылығын көрсетіп берді

[22] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне мұндай жағдайлардың Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Маңғыстау, Жамбыл облыстарында болғаны хабарланды. «Нұр Отан» барлық өңірде мәслихат мүшелерінің басым көпшілігіне ие. Кей жағдайларда мәслихаттың мәліметінше, ҰӘДП біліктілігі жоғары кандидаттарды ұсынбаған. 1966 жылғы АСҚХК-ның 25-бабына сәйкес: «Әрбір азамат өз елінде бірдей шарттарда тең жағдайда мемлекеттік қызметке кіре алады».

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ-нің хабарлауынша, төмен дәрежелі сайлау комиссиясының құрамына қатысты жағдайға байланысты тоғыз шағым түскен. Өкініштісі, шағым жайлы ақпарат одан әрі ОСК-да немесе Бас прокуратурада қаралмаған.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ 20 пайыздан астам сайлау комиссиясының, сондай-ақ комиссия мүшелері мен төрағаларының тұрақты жұмысымен танысып шықты. Сонымен қатар, кей жағдайларда сайлау комиссиялары жергілікті атқарушы немесе басқарушы органдардың өкілдігі функциясын да атқарып жатты.[23] Жергілікті билік өкілдерінің сайлау комиссияларына қатысты орынсыз ықпал етуі олардың бостандығына қатысты алаңдаушылық туғызады.

*Сайлау комиссияларының еркіндігі мен қауіпсіздігіне қатысты тиісті шаралар қабылдануы қажет, атап айтқанда сайлау учаскелерінде орын алып жатқан жұмыс барысындағы иерархиялық қарым-қатынастар тұрақты түрде мүдделер қақтығысын болдырмауға тиіс.*

Сайлаудың техникалық даярлығы тиімді және заң бойынша уақытылы әзірленді. ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелерін ақпаратпен қамтамасыз етіп отырды. ОСК сессиялары байқаушылар, БАҚ өкілдері және саяси партиялардың өкілдері үшін тұрақты түрде ашық болды. Сайлауды жариялаған кезден бастап ОСК өз интернет-парақтарында бірқатар шешімдерді жария етті. Керісінше, төмен дәрежелі сайлау комиссиялары процестің ашықтығына қарсы түрде, мүдделі тараптарға хабарламай, эд-хок негізінде сессиялар өткізді.[24] Сайлау болған күні және одан кейінгі күндері байқаушылар өздері сұратқан ақпаратты ала алмады. Атап айтқанда, бірқатар сайлау учаскелерінде байқаушылардың сайлау қағаздарын байқауына, пайдаланылған немесе пайдаланылмаған сайлауға қажетті жеке куәландыру құжаттарын карауына рұқсаты болған жоқ. Кей жағдайларда байқаушылар АСК-ның хаттамаларымен қамтамасыз етілмеді.

Төменгі деңгейлі сайлау комиссиялары ОСК жариялаған қағаздар мен видео материалдар көмегімен жоғары деңгейлі сайлау комиссиялары тәжірибесінен өткізілді. Тәжірибеде қолданылған әдістеме әр қилы болды: түрлі театр үлгісіндегі лекциялық оқулардан интерактивлді құралдарға дейін. Сайлау күні жақындаған күнге дейін СУК сайлау процедуралары,дауыстарды санау мен нәтижелер хаттамаларын рәсімдеуге арнайы өткізілетін дайындық сабақтарына қатысты. Бірнеше бөлімнен тұратын дайындық сабақтарына қарамастан төменгі деңгейлі сайлау комиссиялары сайлау күні өз құзыретін теріс пайдаланды. (*Сайлау күні бөлімін қараңыз*).[25]

ОСК сайлаушыны ақпараттық біліммен және дауыс беруге тіркелу нұсқаулығымен таныстыратын, дауыс беру рәсімі жайлы, мүмкіндігі шектеулі адамдардың дауыс беру мүмкіндігі жайлы бейнероликтер дайындап, тұрақты түрде телеарналардан екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде көрсетіп отырды.

---

[23] ОСК мүшелерінің 19 ақпанда берген мәліметіне сүйенсек, мүшелердің 62 пайызы түрлі партиялардың өкілдері, қалған 38 пайызы қоғамдық ұйымдар арқылы келген немесе төменгі дәрежелі сайлау комиссиясының мүшелері. Келесі партиялар ұсынылды: «Нұр Отан» (214 мүшесі бар), ҚХКП (193 мүше), Ақ Жол (193 мүше), Бірлік (191 мүше), Ауыл (189 мүше), ҰСДП (26 мүше).

[24] ОСК мен прокуратуралардың мәслихат сайлауына байланысты мәселелер ретінде сайлау комиссияларының құрамы туралы шағымдар тіркелген, сондықтан олар ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ бөлген жоқ.

[25] Мұндай жағдайлар, Алматы қаласы, Ақтөбе, Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Қызылорда облысында REC, ТСК және УСК деңгейінде байқалды.

# VI. САЙЛАУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

18 жастан асқан барлық тұрғындар дауыс беруге құқылы, тек сот үкімімен әрекетке қабілетсіз деп танылған, жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан, түрмеде мерзімін өтеп жатқан қылмыскерлер ғана дауыс бере алмайды.[26] Мұндай практика халықаралық стандарттар мен ЕҚЫҰ-ның миссиясы мен тәжірибесіне мүлдем сай емес шектеулердің бар екенін көрсетеді және оның қағидаттарына қарсы келеді.[27] Тіркелген дауыс берушілердің жалпы саны 9,810,852 адам және оның ішінде 14,013-і шетелде жүрген азаматтар болып табылады.

*Азаматтардың сайлау құқығын шектеу бойынша түрмеде мерізімін өтеп жатқан қылмыскерлердің қылмысының ауырлығына қарамастан, шектеу арасындағы теңдікті сақтау мақсатында олардың дауыс беру құқығын қайта қарастыру қажет. Психикалық ауытқуы бар адамдарды құқығынан айыру ортақ шектеулерге жатқызылмай, сот арқылы нақты жағдайларға байланысты қарастырылуға тиіс.*

Сайлаушыларды тіркеу белсенділігі төмен, жалпыхалықтық сипаттағы электрондық дауыс берушіні тіркеуді ОСК басқарады.[28] Сайлаушылар тізімі сайлаушылардың тұрғылықты жеріне негізделіп жасалады және оларды әкімдік (жергілікті әкімшілік) таратады. Әкімдік сайлаушылар саны туралы мәліметті тұрғындарды тіркеумен және санаумен шұғылданатын құзырлы органдардан алады, аталған органдар ол мәліметті өз кезегінде әрбір үйді есікпе-есік аралап жүріп жинайды.[29] Ақпарат одан әрі ОСК мүшелеріне жалпыхалықтық сайлаушылар тізілімін тексеру мақсатында жіберіледі, ОСК мәліметтердің көшірмесін және өзге де қателерді белгілеп, кейінгі шараларды шешу үшін әкімдікке қайта жібереді. ОСК-нің рөлі тек әкімдік берген мәліметтерді тексерумен ғана шектеледі, бұл өз кезегінде жергілікті деңгейде атқарылып жатқан жұмыс сапасын тәуелді етеді.

Кейбір байқаушылардың ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне берген хабарына сүйенсек, сайлау кезінде сайлаушылар тізімде тіркелгеніне қарамастан, сайлау күні болмаған. Бұл сонымен қатар, сайлау күні сайлаушылардың қосымша ауқымы болатынын, сайлаушыларды тіркеу жүйесіндегі жетіспеушіліктерді, тексеру тетіктерінде ұзақ мерзім бойы шешілмеген олқылықтар бар екенін көрсетеді.

---

[26] ЕҚЫҰ / ДИАҚБ бақылаушылары кез келген төменгі деңгейдегі сайлау комиссиясы сессияларына қатысуға алмайды. Кейбір комиссия мүшелері отырысы талқылау ғана комиссарлары мүдделі екенін ЕҚЫҰ / ДИАҚБ СБМ-на хабарлайды. Сайлау туралы заңның бабы 20,1 сайлау комиссияларының қызметі алқалылық, жариялылық және ашықтық қағидаттарына негізделген әрекет тиіс деп көрсетілген. «Оны ұйымдастыруға қатысты, олардың жұмыс істеуі және шешім қабылдау процессіне, оның ішінде, оның мемлекеттік басқару ашықтығын арттыру үшін қажет болуы мүмкін Қатысушы мемлекет, мұндай шараларды қабылдайды.»: 2003 UNCAC 10-бабы.

[27] 2003 жылғы БҰҰ ЖҚК-ның 19-бабына сәйкес қатысушы мемлекет тарапынан есеп беруге міндеттілік, тұтастық, қоғамдық жұмыспен қажетті басқарудың маңызын атап көрсетті.

[28] 1996 жылғы БҰҰ АҚК-ның 26-бабында жазылғандай: «Мәртебесіне қарамастан барлық тұлғалар заң алдында бірдей және кез-келген кемсітушілік заң арқылы құдаланады және қандай да болмасын кемсітушіліктен теңдей және тиімді кепілдік болуға тиіс». 2006 жылғы БҰҰ МШАҚК-тың 29-бабы бойынша «мүмкіндігі шектеулі адамдардың саяси құқықтары мен мүмкіндіктері өзгелермен тең дәрежеде болады».

[29] ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Келісімінің 7.3-бөлімінде қарастырылғандай, мемлекет «егде жастағы азаматтардың ортақ және тең құқығына кепілдік беруге тиіс», сондай-ақ 24-бөлімде көрсетілгендей, шектеулер мен құқықтар бостандығы «қатаң түрде заң мақсатына сай болуға тиіс». 2002 жылғы Сайлау мәселелерінің тәжірибесі Венециялық Комиссия Кодексінің I.1.1.1.d.iii-бөліміне сәйкес дауыс беру құқығынан айыру теңдік қағидатына сай жүргізілуге тиіс. 1996 жылғы БҰҰ АҚК-ның 14-бөліміне сәйкес дауыс беру құқығынан айыру «объективті және мақсатты болуға тиіс»

*Тиісті мекемелердің жалпыхалықтық сайлаушыларды уақтылы тіркеу мен ақпарат алмасу жүйесіне қатысты орталықтандырылған және қалыптасқан тетік құруды қарастыру керек.*

Өзінің тұрақты жерінен алыс жерде дауыс бергісі келетін дауыс беруші сайлауға 30 күн қалғанға дейін тұрғылықты мекенжайын уақытша ауыстыруға тиіс. 4 наурыз күні сайлаушылар тізімді қайта қарауға және ӨСК мүшелері орын алған қателерді түзетуге мүмкіндік алды.[30] Сайлаушылар сонымен қатар тіркеу мәліметтерін тексеріп, Интернет желісінде өздерінің сайлау учаскесінің мекенжайы туралы ақпарат ала алады. Сайлауға екі апта қалғанға дейін сайлаушылар тізімі толтырылып, сайлау учаскелеріне жеткізілді, барлық деңгейдегі сайлау учаскелеріндегі қосымша толықтырулар мен өзгерістер орталықтандырылған жүйе арқылы тексеруден өтпеді.

*Сайлау тізіміндегі өзгерістерді құзырлы органдарға таныстыру үшін сайлау күні жақындаған уақытта сайлау учаскелерінде сайлаушылардың соңғы қорытынды тізімін өткізу міндеті енгізілсін.*

Сайлауға екі апта қалған уақытта сайлаушылар қаладан тыс орналасқан аймақта, ауылдарда өздері тіркелген кез келген сайлау учаскесінде дауыс беру үшін Сырттай дауыс беру құжатын (СДҚ) ала алады. Сайлау учаскелері сайлау болатын күні СДҚ қағазын қосымша сайлаушылардың енгізілу мүмкіндігін ескеріп сақтап қояды. Алайда, байқаушылардың 18 пайызының айтуы бойынша, сайлау учаскелері бұл ережеге сүйенбейді, яғни бір сайлаушының бірнеше рет дауыс беруін болдырмау ережесін сақтамайды. Сонымен қатар сайлау учаскелері өз жұмысын аяқтап жатқанда байқаушылардың жартысынан көбісі, ӨСК мүшелері СДҚ-ға қатысты өзге рәсімдерге қатыспайды.[31]

Сайлаушылар сайлау күні Халыққа қызмет көрсету орталығы берген мекенжай анықтамасы арқылы барып дауыс береді.[32] Тіпті комиссия мүшелері сайлаушылардың дауыс беру мекенжайын тексере алса да, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ байқаушыларының мәліметінше, Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінген азаматтар мекенжай тіркелімі туралы анықтама көп алынатын сайлау күні оларға орталықтандырылған жүйелі тексеру жүргізілген жоқ.[33] Алайда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ байқаушыларының көпшілігі сайлаушылар тізімінің дұрыстығына алаңдаушылық танытқан жоқ, сайлау күні орын алған елеулі процестік заң бұзушылық, сайлаушыны сайлау тізіміне жеке басын куәландыратын құжатсыз тіркеу жағдайлары заңға қайшы және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ атап көрсеткен ұсыныстардан әлдеқайда алшақ жатыр.[34]

---

30 Электрондық дауыс беру жүйесі қазіргі кезде электрондық тіркеудің бір бөлігі ретінде, тек сайлаушылар тізімін құруды жеңілдету үшін жасалған. ОСК-ның мәліметі бойынша, электрондық тіркеуді Әділет министрлігі Мемлекеттік тұрғындарды тіркеу бойынша басқарады.

31 Бұл институттарға: Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігі мен Прокуратураның бөлімдері, денсаулық сақтау және медициналық бас орталықтары, қорғалатын орталықтар, коммуналдық шаруашылықтар, оқу орындарының басшылары, кеме капитандары кіреді.

32 Сайлаушылар тізімі арнайы сайлау учаскелері болып есептелетін демалыс орындары, түрлі медициналық орталықтар, шалғай аймақтарда орналасқан және сайлау күні жүзіп бара жатқан кемелерде, әскери бөлімдерде сайлауға бес күн қалғанға дейін орналастырылады.

33 50-ден астам пайызы УСК Есептен шығару куәліктерінің жалпы саны алынған бақылауды жариялайды және күші жойылмаған , бірден сол жағдайларда анықталатын сырттай сайлаушылардың саны болды.

34 Халыққа қызмет көрсету орталығы Инвестициялар және даму министрлігі жанындағы құрылады. Әр әкімшілік деңгейде осындай бір орталығы осындай ауылы, қала, аудан және аумағында оранластырылған.

*Сайлау күні сайлаушылардың тіркелу мүмкіндігіне жол бермеу қарастырылсын. Сайлау қағазының аяқталуының заңды уақытын белгілеу керек, ал қосымша рұқсат тек белгілі бір заңды талапқа сәйкес, сот бақылауы арқылы жүзеге асырылуға тиіс.*

## VII. КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ

Саяси партиялардың сайлауға қатысуы «Саяси партиялар туралы» Заңға сәйкес, айлық көрсеткішке сай тіркелуге тиіс. Тіркелу үшін саяси партиялардың кем дегенде 40,000 мүшесі, оның ішінде әр облыстан және Астана мен Алматы қалаларынан кем дегенде 600 мүшеден болуға тиіс.[35] ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ-нің бірқатар байқаушыларының байқағанындай, бұл талаптар саяси плюрализмге жатпайды.

Тіркелген кандидаттардың ішінде 25 жасқа толған және соңғы он жыл бойы осы мемлекетте тұрақты тұрып жатқан адамдар ғана сайлауға түсе алады, ал оған қылмыстық жазасын өтеп жатқандар мен жемқорлықпен ұсталғандар қатыса алмайды. Тәуелсіз кандидаттардың өзін-өзі ұсынуына және сайлау блоктарын құруға жол берілмейді.[36] Кандидаттарды бұлайша шектеу ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген Келісіміне, халықаралық стандарттар мен тәжірибеге қайшы келеді.[37]

*Тәуелсіз кандидаттар парламенттік сайлауға түсуге мүмкіндік алуға тиіс.*

Құқықтық негіз аясында орын алатын шектеулерге қарамастан, кандидаттарды тіркеу жүргізіледі. ОСК алты саяси партия ішінен жалпыхалықтық партиялық тізім бойынша барлығы 234 кандидатты тіркеді, соңғы заңды тіркелу мерзімі – 19 ақпан. Партиялар түрлі тіркеу құжаттарын өткізуге тиіс, оның ішінде өмірбаян, кандидаттың қатысу туралы мәлімдемесі, табысы мен мүлкі туралы декларацияны өткізу керек.[38] Партиялық тізімдегі әрбір кандидат тіркеу құжаттарымен бірге 15 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем емес (жалпы есеппен 850 Евро) қаржылай салым төлеуге тиіс.[39] ҰӘДП мүшелерінің ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБӨ мүшелеріне берген хабарына сүйенсек, олар талап етілген қаржылай салымды төлей алмағандықтан, өз кандидаттарын сайлауға ұсына алмады. Тіркелген 234 кандидаттың 47-і (20 пайызы) әйелдер.

---

35 Халыққа қызмет көрсету орталықтары бар УСК тексеру дәйекті Астана қаласы мен Маңғыстау облысындағы Алматы ауданында жүргізілген жоқ. Сайлау туралы заңның бабы 25,3 азаматы тек бір сайлаушылар тізіміне енгізілген болады деп көзделуде.

36 Сот бақылауға жататын сайлау мәселелері бойынша табысты тәжірибе 2002 Венеция комиссиясының кодексінің Бөлім 1.2.iv әкімшілік процедурасында делінген: «тіркелген жоқ сайлаушыны тіркеуге мүмкіндік беретін, немесе сот тәртібі; тіркеуді сайлау күні сайлау учаскесінде өтуі тиіс емес".

37 Саяси партиялар туралы Заңның 10.6. бабы.

38 ОСК тәуелсіз кандидаттар ретінде тіркелген азаматтардан екі өтініш келіп түскен.

39 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.5-тармағында қатысушы мемлекеттер кемсітусіз саяси немесе мемлекеттік лауазымға ұмтылатын азаматтардың құқығын құрметтейді деп көзделген. Параграф I.1.1.1.d.iii. Сайлау мәселелері бойынша табысты тәжірибе 2002 Венеция комиссиясының кодексінің сайлану құқығынан айыру тұлғаны кезде пропорционалдық қағидасы сақталуға тиіс деп көрсетілген. «Сайлану құқығына қойылған шектеулерге ... объективті және негізді критерий бойынша жол болуы тиіс» деп мемлекеттік АСҚХП 1996 жалпы тәртіптегі № 25 15 және 17-тармақтар мен адамдардың құқығы «сондай-ақ, сайлау тараптардың немесе нақты тараптардың мүшелері болуға үміткерлерді талап негізсіз шектелмеуі тиіс, әр азамат сайлауға үміткер ретінде оны / өзін ұсынуға тең құқықтық мүмкіндіктерге ие болуы тиіс», 2002 ТМД-бап Конвенцияның 3.4 бабын қараңыз

«Сайлау туралы» Заңда гендерлік квота немесе өзге әйелдердің сайлауға түсуге белсенділігін арттыратын уақытша шаралар қарастырылмаған.[40] Мәжіліс депутаттарының 28-і (26,1 пайызы) және Сенат депутаттығына түскендердің 3-уі (6.4 пайызы) әйел.

Жиырма жеті әйел (25.2 пайызы) жаңадан құрылған Мәжіліске сайланды.

*Әйелдердің белсенділігін арттыратын уақытша арнайы шараларды енгізу көзделсін.*
Партиялық тізімнің тіркелуін жариялау туралы шешімді бөлу бойынша сайлау әкімшілігі мен сайлаушыларды партиялық тізімдегі кандидаттармен таныстыруға мүмкіндік беретін ешқандай жарияланымдар жариялау міндеті көзделмеген.
*Сайлаушылардың саналы таңдауын жасауына жәрдемдесу мақсатында партиялар тізіміндегі үміткерлер туралы қосымша ақпаратты беру туралы мәселені қарастыру қажет.*

16 ақпанда ОСК жүргізілген лотереядан кейін дауыс беру бюллетенінде Партиялардың орналасуының келесі тәртібі анықталды: Нұр Отан (127 үміткер, 30 әйел адамды қосқанда), ҚКХП (22 үміткер – 4 әйел адам), Ақжол (35 үміткер – 6 әйел адам), Бірлік (8 үміткер – 1 әйел адам), ЖСДП (23 үміткер – 4 әйел адам), Ауыл (19 үміткер – 2 әйел адам).

## VIII. САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Ресми науқан үміткерлерді тіркеу аяқталған соң бір күннен кейін 20 ақпанда басталып, 18 наурызда түн ортасында аяқталды. Жалпы, науқан бірқалыпты өтіп, үміткерлер арасында мән бойынша іс жүзіндегі пікірталастың болмауымен ерекшеленді, алайда үміткерлердің қызметі сайлау күні жақындаған сайын қыза түсті. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ көптеген бақылаушылары орындарға сайлау жүргізілген кезде сайлау науқаны қарқынының жоғарырақ болғандығын атап өтті.

Алты партияның қатысуы сырттан қарағанда саяси сан алуандылық пен таңдау мүмкіндігін қамтамасыз еткендігімен, партиялардың саяси платформалары және олардың пікірталасы бәсекелескеннен қарағанда бір-бірін толықтырғандай болды және олар Президенттің ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес келді. Науқанға қатысушылардың көпшілігі билік етуші партияның атына сыни ескертулер жасаудан немесе баламалы саясат ұсынысынан тартынды, осылайша сайлаушылардың саяси таңдаудың шынайы мүмкіндігін шектеді. [41]

Партиялардың көпшілігінің сайлау науқаны экономикалық мәселелер, жұмыс орындарын құру, қоғамдық инфрақұрылым, энергетикалық сектор, қоршаған ортаны қорғау және

---

[40] Тараптар сондай-ақ саяси партияның тіркеу куәлігінің және кандидаттардың партиялық мүшелігін растайтын куәлік қоса сайлау депозит төленгенін растайтын құжаттар негізінде, кандидат ұсыну туралы шешім оның растайтын партияның жоғары органы отырысының хаттамасынан үзінді көшірмесін, ұсынуға мәжбүр болды.

[41] Дауыс пайызы 7 ден 5 ке дейін және 5 тен 3 ке түскен тараптар сәйкесінше 30 және кен пайыз, қысқартуы бойынша 50 пайызды етуге құқылы, ал алдыңғы сайлауға пайызы қарсаңында 7 ге жетті. Тараптар сайлау депозитінен босатылады. Сайлау депозиттері 7 пайыздық барьерді өтуге саяси партияларға қайтарылған болатын.

әлеуметтік тұрақтылық мәселелерді, сондай-ақ ұлттық және отбасылық құндылықтарды сақтауды қамтыды. [42]

ЖСДП билік етуші партияның саясатын сынға алған жалғыз партия болды және сайлау үдерісінің жүргізілуінің әділдігіне алаңдаушылығын білдірді.

ЕҚЫҰ/ДАҚИБ Кеңсесі сайлау науқанына араласу туралы ешқандай деректер алған жоқ. ЕҚЫҰ/ДАҚИБ бұдан бұрын берілген ұсыныстарына және халықаралық стандарттарға қарамастан, хабарландыру берудің орнына іс-шараны өткізуге дейінгі 10 күн бұрын рұқсат алуға сұраным беру міндеті сияқты құқықтық нормалар шектеулі қалыпта қала беруде. [43]

Бұл шектеуге қарамастан жалпы науқанға қатысушыларға Сайлау науқанын еркін өткізу мүмкіндігі берілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Астана қаласындағы жергілікті мемлекеттік органдарының сайлау науқанын өткізуге байланысты іс-шараларды үй-жайдан тыс өткізу туралы төрт сұранымды қабылдамауы туралы белгілі болды.

*Қарапайым хабарландыру тәртібін орнату үшін «Бейбіт шерулер туралы заңға» өзгертулер енгізу қажет (қазіргі уақытта Заңда бар рұқсаттар алу туралы талаптың орнына стихиялық көтерілістерге қатысты лайықты өзгешеліктерді қосып).*

1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның адами өлшемдер жөніндегі Конференциясының Копенгаген жиынындағы құжаттың 5.4. абзацында қатысушы мемлекеттер «Мемлекеттің саяси партиялардан нақты бөлінуі» туралы міндеттемені өзіне алғандығы айтылған. Билік пен басқарудың барлық деңгейіндегі билік етуші партияның үстем жағдайы бұл айырмашылықты іс жүзінде жоққа шығарды. «Нұр Отан» партиясының бірқатар кеңселері мемлекеттік мекемелер мен жергілікті биліктің органдары орналасқан ғимараттарда жайғасқан. Билік етуші партия қос рөлден және оның Төрағасының жағдайынан артықшылыққа иеленді. Президент өзінің лауазымының аясында әрекет етіп, бірнеше рет «Нұр Отанға» және оның жетістіктеріне өз қолдауын білдірді және сайлаушыларды осы партияға дауыс беруге шақырды. [44]

*Әділдікті күшейту үшін және сайлау үдерісіне қоғамдық сенімді арттыру үшін билік мемлекеттің және саяси партиялардың қызметін нақты ажыратуды қамтамасыз етудің кепілдіктері әзірленуі керек.*

---

42 Кейбір партиялар мүгедектігі бар тұлғаларға қатысты мәселелерді көтеріп, олардың құқықтарының теңдігін қамтамасыз етуге шақырды.

43 Бейбіт шерулер туралы Заң ұйымдастырушылардан тиісті жергілікті мемлекеттік органдарға іс-шараның сипаты мен ұйымдастырушылары туралы ақпаратпен бірге қоғамдық іс-шараны өткізу үшін сұраным беруді талап етеді. 1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның адами өлшемдер жөніндегі Конференциясының Копенгаген жиынындағы құжаттың 9.2. абзацында «барлығының бейбіт шерулер мен наразылық білдіруге құқығы бар болады» деп орнатылады. Бұл құқықтарды іске асыруға орнатылуы мүмкін кез келген шектеулер заңмен ұйғарылады және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді». 1966 жылғы АСҚХП 21 бабы лайықсыз шектеулерсіз бейбіт шерулерге құқыққа кепілдік береді. БҰҰАҚК Жалпы Пікірлерінің 12 абзацы «»Сөз, шерулер және одақтар бостандығы сайлау құқығын тиімді іске асырудың қажетті шарты болып табылады және толық қорғалады» делінген. Сонымен қатар БҰҰ арнайы баяндамашысының 2015 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстандағы бейбіт шерулерге құқық туралы мәлімдемелерін қараңыз.

44 4 наурызда Астанада Халықаралық Әйелдер күніне орай әйелдермен кездесу кезінде; 9 наурызда Орал қаласында ҚХА республикалық форумын өткізген кезде; 10 наурызда Ақтөбеде Республикалық жастар форумы кезінде; 17 наурызда Павлодарда жұмыс ұжымдарының Республикалық форумын өткізу кезінде. 1 наурызда «Алғыс айту күні» жаңа мерекесіне орай (Нұр Отанның 17 жылдығымен бірге Астанада атап өтілді).

Сайлау үдерісіне қатысушылардың көпшілігімен қарастырылған сайлау науқанын жүргізудің әдістеріне сайлау алдындағы үгіт жүргізу кезінде азаматтарға олардың күнделікті мәселелерін шешу туралы кеңестер беру үшін және азаматтарды партияның қызметі туралы ақпараттандыру үшін сайлаушылардың үйлерін аралау және үндеу парағын тарату, көшеде кішігірім топтардың мобильді жиналыстарын өткізу, үй-жайларда жиналыстар өткізу және партиялардың штаб-пәтерлерін пайдалану кірді. Барлық партияларда үгіт-насихат материалдары орналасқан орындарға рұқсат болды. Партиялардың көпшілігі мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың, білім беру мекемелерінің аумағында, кітапханаларда және мәдениет орталықтарында сайлаушылармен кездесулер ұйымдастырды.[45]

Әйел адамдар сайлау науқанында белсенді, елеулі рөл атқарды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ куә болған іс-шараларды өткізу кезінде әйелдер қатысушылардың төрттен бірге жуық бөлігін құрады. «Нұр Отан» партиясының жарнама қалқандары, плакаттары, үндеу парақшалары бүкіл ел бойынша кеңінен тарады, сол сәтте «Ақ жол», «Ауыл», «Бірлік», «ҚКХП» және «ЖСДП» партияларының жарнама қалқандары, плакаттары, үндеу парақшалары азырақ кездесті.[46]

Әлеуметтік желілерді барлық партиялар қолданды және қаржылық қиыншылыққа байланысты ЖСДП партиясының сайлаушылар арасында үгіт-насихат жүргізудің басты әдісі болып табылды.

## IX. САЙЛАУ НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Сайлау науқанын жүргізу мақсатында саяси партиялар өздерінің жеке ақшалай қаражаттарын пайдаланып, сайлау науқанын жүргізуге жекелей жарналар ала алады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, қайырымдылық ұйымдарын, діни бірлестіктерді және жарғылық капиталындағы шетелдік жарналары бар заңды тұлғаларды ескермегенде азаматтар мен ұйымдар партиялық сайлау науқанының қорына жарналар енгізе алады. Шетелдік жеке және заңды тұлғалардан анонимдік қайырымдылықтарға және жарналарға тыйым салынады.

Партияның сайлау науқанына жұмсалатын қаржының жалпы сомасы – 342 885 000 қазақстандық теңгені құрайды (шамамен 888 000 еуро).[47]

Саяси партиялар сайлау науқанының жарналары мен шығындарын басқару үшін арнайы банктік шот ашуға міндетті.[48]

Сайлау науқанын жүргізу мақсатында саяси партиялар өздерінің жеке ақшалай қаражаттарын пайдалана алады және олар сайлау науқанын жүргізуге жекелеген қайырымдылықтар ала алады.

Банк апта сайын ОСК-на шот бойынша қозғалыстар туралы ақпаратты ұсынады. Ұзақ күтілген өзгерістерге байланысты, ОСК шешіміне өзгертулер енгізілгеннен кейін, ОСК

---

45 ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барлығы сайлау науқанының 23 іс-шарасына бақылау жүргізді.

46 11 наурыздағы жағдайға Нұр Отан науқанның жаңа жарнама қалқандарын және партияның ұрандарымен бірге Президенттің суретімен телевизиялық тарату пункттерін орнатты.

47 Сайлау науқаны кезінде 1 еуро шамамен 380 теңгеге (қазақстандық теңге) тең болды.

48 Сайлау туралы заң науқанды қаржыландыру ережелерін бұзғаны үшін санкция ретінде партиялық тізімнің тіркелуін жоюды орнатады.

айына екі рет сайлау науқаны кезінде сайлау науқанын қаржыландырудың шолуларын жариялауға міндетті. Бұл сайлау үшін ОСК екі шолу жариялады (3 наурызда және 16 наурызда). Алайда онда әрбір партияның алған және жұмсаған жалпы сомалары туралы ғана ақпарат берілді. Донорлар және ақшалай қаражаттар қалай жұмсалғандығы туралы ақпараттың болмауы сайлаушылардың саналы таңдау жасау мүмкіндігіне кері әсер етті.

ОСК-на берілетін банктік шоттарға қосымша саяси партиялардан дауыс беру нәтижелерін жариялаған сәттен бастап бес күннің ішінде сайлау науқанын жүргізуге кеткен барлық ақшалай қаражаттар бойынша есептемелер беру талап етіледі.

Осы есептіліктің негізінде ОСК әрбір партияның алған толық сомасының және бұл ақшалай қаражаттың көздері туралы жалпы шолу жарияланды. [49]

Заң сайлау науқанын қаржыландыру бойынша есептіліктің мазұны мен форматы туралы нормаларды орнатпаған, осылайша ОСК-да қаржыландыру көздерін және партиялардың ақшалай қаражаттарды жұмсауының егжей-тегжейлерін толығымен ашу міндеттемесі жоқ. Бұл сайлау науқанын қаржыландырудың ашықтығын одан сайын шектеді. [50]

*Қызметтің ашықтығын күшейту үшін қаржыландыру көздері және шығындар туралы деректердің толық көлемін қосқанда, сайлау науқанын қаржыландыру туралы егжей-тегжейлі және стандартталған есептемелері қарастырылуы мүмкін еді. Мұндай есептілік баршаға қолжетімді болып, ОСК сайтында жариялануы керек.*

## X. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

### A. БАҚ-НЫҢ САЙЛАУ НАУҚАНЫН БАЯНДАУЫ.

БАҚ-ның тарапынан баяндау жағдайы соңғы жылдары сөз еркінідігіне үлкен кедергі болған және қалың бұқараның тиісті мәселелерді талқылауын тұншықтырған тәуелсіз БАҚ-ның жеткіліксіздігімен және шектеуші заңнамалық реттеумен сипатталды. БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі бірнеше рет БАҚ жұмысына қатысты мәселелері жөнінде өзінің алаңдаушылығын білдірді, оның ішінде БАҚ-ның қызметін жабу немесе тоқтату, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін лайықсыз және тым көп санкциялар, журналистер мен тәуелсіз бақылаушыларды қуғындау, бұның барлығы пікірлер плюрализмін одан сайын шектеді. [51]

Мемлекет мемлекеттік тендерлердің (мемлекеттік тапсырыс) кең жүйесі арқылы Бұқаралық ақпарат құралдарына әсер етеді, оны басқару мемлекеттің ақпараттық саясатын іске асыру

---

49 4 сәуірде жарияланған ОСК қорытынды шолуын қараңыз.

50 БҰҰСЖКК 7.3. бабында «әрбір қатысушы мемлекет сайлаулы мемлекеттік лауазымдарға үміткерлерді қаржыландырудың ашықтығын күшейту үшін және қолданылатын жағдайда, саяси партияларды қаржыландырудың қажетті заңнамалық және әкімшілік шараларын қабылдау туралы мәселені қарастырады». 2011 жылғы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және Венециялық комиссияның «Саяси партиялардың қызметін реттеу туралы нұсқаулықтарды» (201-206 параграфтары) қараңыз.

51 2016 жылғы 10 наурыздағы ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесіне БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілінің тұрақты есептемесін және 2016 жылғы 26 қаңтардағы, 2015 жылғы 26 желтоқсандағы, 2015 жылғы 27 қазандағы және 2015 жылғы 25 қыркүйектегі мәлімдемелерді қараңыз. 22 ақпанда ҚазТАГ жеке агенттігінің меншіктенушісі және Қазақстан журналистер Одағының төрағасы салықтық алаяқтық және мемлекеттік қаражаттарды ысырап ету айыптарының негізінде қамауға алынды. 400-ден аса журналистер Алматыда орналасқан «Әділ сөз» мәлімдемесіне, сөз еркіндігін қорғау қоры қолдауларын көрсетті, Бас прокуратураға тергеудің ашықтығын қамтамасыз ету туралы сұраным жасады.

үшін орталық және жергілікті билік органдарымен жүзеге асырылады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарының көптігіне қарамастан, БАҚ-ның көзқарастарының алуан түрлілігі жоқ, әсіресе теледидар саласында, ал теледидар әсіресе ауылдық жерлер үшін ақпараттың негізгі көзі болып табылады. Ғаламторға қолжетімділік, баламалы саяси көзқарастарды ұсынатын әлеуметтік желілерді қосқанда, ең алдымен жас адамдар мен қала халқының арасында кеңінен таралуда. Алайда, веб-сайттарға рұқсатты бұғаттайтын санкциялар және әлеуметтік желілерді қолданушыларды қуғындау онлайн саладағы саяси пікірталастар үшін қауіп төндіреді.

## B. ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Конституция сөз еркіндігіне кепілдік беріп, цензураға тыйым салғанымен, бұқаралық ақпарат құралдары туралы нормативтік құқықтық актілерде бірқатар шектеуші ережелер бар. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстарына және БАҚ еркіндігі мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі тарапынан үндеулерге қарамастан Қылмыстық Кодексте жала ғайбат және қорлау үшін жауапкершілік шаралары сақталған және Президент пен оның отбасының және мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының арнайы қорғанысын қамтамасыз етеді. Кодексте сонымен қатар, тиісінше 20 және 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру санкциясымен қоғамдық, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру туралы және жалған ақпарат тарату туралы ережелер бар. Азаматтық Кодекс бойынша ғайбат туралы жиі қолданылатын ережелермен бірге ірі айыппұлдарға алып келуі мүмкін бұл шектеулер өзіндік цензураны ынталандыратын және сөз еркіндігінің конституциялық кепілдігін шектейтін құқықтық реттеуге алып келеді. [52]

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы телерадио хабарларын тарату туралы Заңы жалпы құқықтық реттеуді орнатады, ондағы маңызды рөлді мемлекеттің ақпараттық саясатын іске асыру тапсырылған уәкілетті орган арқылы әрекет ететін үкімет ойнайды. Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті (БАҚ жөніндегі комитет) телерадио хабарларын тарату қызметін жүзеге асыратын және телерадио хабарларын таратуға лицензияларды беретін бұқаралық ақпарат құралдарына бақылауды жүзеге асыру үшін жауап береді. Заң БАҚ комитетінің кең өкілеттіліктерін қарастырғанымен, оның оларды жүзеге асырудың нақты рәсімдері өте аз және қадағалау органының қоғам алдындағы есеп берушілігін қарастырмайды.

БАҚ туралы заңға 2009 жылы енгізілген түзету веб-сайттарды (блогтарды, чаттарды және веб-форумдарды қосқанда) қарапайым бұқаралық ақпарат құралдары ретінде сыныптастырды, осылайша оларды БАҚ-на қатысты ережелер мен санкциялардың әрекет ету саласына қосты. Оның үстіне, Заңға 2014 жылы енгізілген түзету егер веб-сайттар заңды тұлғалар, қоғам және мемлекет үшін «зиянды» ақпарат тарататын болса немесе ол ақпарат «экстремистік қызметке» шақырса, прокурорға бұл веб-сайттарды уақытша жабуға мүмкіндік берді. [53]

Оның үстіне, сайлау туралы Заң бұқаралық ақпарат құралдарынан «үміткердің ар-намысын, абыройын және кәсіби беделіне нұқсан келтіретін» ақпараттарды таратудан тартынуды талап етеді, бұл сайлау науқанының басқа қатысушыларына және БАҚ үміткерге қатысты кез келген сын білдіруге кедергі келтіреді.

---

[52] 2015 жылы әлеуетті жеңілдететін шара ретінде Салықтық Кодекс өзгертілді және оған шағым беруші тұлғалардың жала жабу туралы істер бойынша өтемақы ретінде мәлімделген соманың негізінде шағым бергені үшін төлем жасау бойынша міндеттемелері енгізілді.

[53] Соңғы айларда бірнеше соттар өтті, блогерлер мен журналистер ғаламтор мен әлеуметтік желілерде «ұлт аралық алауыздықты қоздыру немесе «сепаратизмді» насихаттау» айыптары бойынша сотталды.

Сайлау туралы Заң БАҚ-ын сайлау науқаны туралы әділ баяндауға міндеттейді және саяси партияларға бірдей рұқсатқа кепілдік береді. Науқан ресми түрде басталар алдында ОСК сайлау туралы Заңның түрлі ережелерін түсіндіру туралы нұсқаулықтардың екі жинағын шығарды, олардың біреуі ішінара, екіншісі толығымен сайлау науқанының БАҚ-да баяндалуына арналды. [54] Бұған қоса, ОСК хабарлауынша, оны 2007 жылғы сайлауды өткізудің БАҚ-да баяндалу ережелері туралы Қағидасы жарамды болып қала береді. Соңғысының негізінде ОСК науқанға қатысты және күнделікті жаңалықтардың және олардың апта сайынғы шолуларының шегінен шығатын кез келген ақпарат партияның сайлау науқанын қаржыландыруға арналған қорынан төленуі керектігін тағы бір мәрте растады. [55]

*Редакторлық тәуелсіздікті қорғау үшін теле- және радио хабар тарату субъектілері сайлау науқанына байланысты хабар тарату бағдарламаларын құру пішімі және шарттары туралы шешімді қабылдау мүмкіндігін беру үшін және науқанның қорынан төленетін сайлауға қатысушылар туралы ақпарат пен БАҚ тарапынан сайлау науқанын толық баяндау арасындағы жақсы теңгерімге қол жеткізу үшін құқықтық нормаларға түзетулер енгізуге болар еді.*

Заң сайлау науқанын жүргізуге кететін ақшалай қаражаттардың жалпы сомасына орнатылған шектеулердің шектерінен басқа қандай да шектеусіз ақылы жарнаманы орналастыру мүмкіндігі беріледі. Сайлауға қатысушыларға тегін эфир уақытының немесе теле- және радио хабар тарату кестесінде орын берілуі мүмкін емес болған жағдайда, заң ОСК-н өзінің тізімдерін беретін партиялар үшін тегін пікірталастар ұйымдастыруды міндеттейді.

*Сайлау алдындағы пікірталастарды ұйымдастыру жөніндегі міндет ОСК орнына мемлекетпен қаржыландырылатын арналарға жүктеуге болар еді. Нормативтік-құқықтық актілерге сайлаушыларға үміткерлер туралы ақпараттың көбірек көлемін бәсеке шарттарының теңдігін қамтамасыз ету үшін сайлау науқанына қатысушыларға мемлекет демеушілік ететін БАҚ-да қосымша тегін баяндалу мүмкіндігін беруге кепілдік ету үшін нормалар енгізілуі керек.*

ОСК БАҚ-ның заңнаманың талаптарын сақтауды қадағалау үшін жауапты болды және бұл міндетті БАҚ жөніндегі Комитеттің жәрдемдесуімен іске асырды. Оның талдау департаменті дәстүрлі БАҚ-да (47 теледидар арнасы, 12 радиостанция және 237 газет пен журналдар) және көптеген интернет ресурстарда (162 саяси және әлеуметтік веб-сайттар) бәсекелесуші партиялардың сандық баяндалуына мониторинг жүргізді. Мониторинг кезінде баяндаудың мазмұны мен екпініне талдау жүргізілген жоқ. ОСК жариялаған есептемеге сәйкес сайлау күніне дейін БАҚ тарапынан ешқандай өрескел бұзушылықтар анықталған жоқ. Алайда науқанның соңғы аптасына қатысты есептеме шығарылған жоқ, сонымен қатар ақырғы жиынтық есептеме жоқ болды. [56]

---

54 Сұрақтар мен жауаптар түрінде шығарылған нұсқаулықтар 13 және 20 ақпанда жарияланды. Екі құжаттың да нұсқалары сайлау науқаны кезінде жаңартылды.

55 ОСК әлеуметтік желілердегі пікірлер сайлау алдындағы үгіт-насихат емес, жеке пікірді білдіру деген шешім қабылдады, осылайша олар партияның сайлау науқанын жүргізу бойынша қорынан төленбеуі тиіс еді.

56 ОСК БАҚ мониторингісінің нәтижелері туралы екі баспасөз хабарламасын жариялады – 3 наурызда (баяндау кезеңі 2 наурызға дейін) және 16 наурызда (баяндау кезеңі 14 наурызға дейін).

## C. БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Click Here to Read Media Monitoring Results

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ тарапынан Бұқаралық ақпарат құралдарына жүргізілген мониторингісінің нәтижелеріне сәйкес науқан респубикалық БАҚ-да және әлеуметтік желілерде айқын көрінді, ал жергілікті БАҚ көбіне Мәслихат сайлауына көп көңіл бөлді. [57]

Сайлау науқанына қатысушылар мемлекетпен қаржыландырылатын БАҚ-на бірдей қол жеткізді. Президенттің өз лауазымындағы қызметі кеңінен баяндалды, осылайша билік етуші партияға артықшылық берді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ірі БАҚ-на Б маңызды саяси оқиғалардың тізімімен тұрақты түрде АҚ жөніндегі Комитет беретінБАҚ жоспары туралы белгілі болды. [58]
Мұндай тәжірибе мемлекетпен қаржыландырылатын БАҚ-ның редакторлық тәуелсіздігіне күмән келтіреді, бұл олардың саяси оқиғаларды және сайлау науқанына қатысты оқиғаларды баяндаудың ұқсас мәнерінен де көрінді.

ОСК тарапынан қол жеткізу теңдігі туралы заңды тайыз түсіндіруінің негізінде сайлауға қатысушылар саяси жарнаманы қолданды, бірақ журналистердің науқанды баяндауы фактілерге арналған жаңалықтар мен мақалалармен шектелді. [59]

Нәтижесінде сайлаушыларға жаңалықтарда немесе бағдарламалардың алуан түрлерінде партиялар және саясат жөнінде нақты ұсыныстар туралы білуге толыққанды мүмкіндік беретін терең, түбегейлі редакторлық талдау болған жоқ.

16 наурызда ОСК «Хабар» арнасында барлық бәсекелесуші партиялардың қатысуымен теледидар пікірталасын ұйымдастырды. Бірақ пікірталастардың формалистік пішімі өзара пікір алмасуды қамтамасыз еткен жоқ, бұл оның ақпараттық мәнін төмендетті. Билік етуші партияны қосқанда, шешімдерді қабылдауға жауапты тұлғалармен пікірмен бөлісу мүмкіндігінің, партия өз міндеттерін орындаған кездегі оның жұмысы туралы сұрақтар қою мүмкіндігінің болмауы науқанның БАҚ тарапынан сыни және аналитикалық баяндауының болмауын толықтырды.

Сайлау науқаны мерзімі бойы БАҚ барлық бәсекелесуші тараптарды мемлекетпен қаржыландырылатын БАҚ-ның тарапынан қол жеткізу теңдігін қамтамасыз ету туралы ресми талаптарға сәйкестендіру әрекеттерімен баяндады. Алайда Президенттің қызметін

---

57 20 ақпанда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ 14 БАҚ-ның сандық және сапалық мониторингін бастады. Мониторингке 7 теледидар арнасы кірді: ТВ Қазақстан, Хабар ТВ, 24КЗ (мемлекетпен қаржыландырылатын телерадио хабар тарату субъектілері), Еуразия Бірінші Арнасы (мемлекетпен қаржыландырылатын бірлескен кәсіпорын), Астана ТВ, 31 арна және КТК (жеке меншік арналар); Қазақ радиосының бір радиостанциясы (мемлекетпен қаржыландырылатын) және алты газет: Егемен Қазақстан, Казахстанская правда (мемлекетпен қаржыландырылатын), Караван, Литер, Время және Жас Алаш (жеке меншік газеттер). ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сонымен қатар www.informburo.kz, www.nur.kz, www.tengrinews.kz, www.zakon.kz, and www.365info.kz сияқты онлайн БАҚ-да сайлаудың баяндалуына бақылау жүргізді.

58 Кейбір БАҚ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на БАҚ Жоспары нұсқаулық болып табылғандығы және саяси оқиғаларды баяндау шеңберін сызып бергендігі туралы және Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметімен (ОКҚ), Президент Әкімшілігімен бақыланатын органмен бірлесіп әзірленгендігі туралы ақпараттандырды.

59 Қазақстан және Хабар телеарналары эфирге барлық бәсекелесуші партиялардың роликтерін берді, ЖСДП ақылы жарнамалық роликтерді тек осы екі арнада ғана орналастырды, Ақжол, Ауыл, Бірлік және ҚКХП үш арнада және Нұр Отан мониторинг жүргізілген барлық жеті арнаның эфирлік уақытын сатып алды. Науқанның соңғы аптасында «Нұр Отан» өз партиясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен роликтерді орналастырды.

кеңінен баяндау, күнделікті қызметтік және салтанатты іс-шараларды қосқанда, БАҚ-ның көпшілігінде орын алды. Жалпы Президенттің әрбір арнадағы баяндау көлемі әрбір бәсекелесуші Тарапқа берілген баяндау көлемінен шамамен үш есе көп болды. Мемлекетпен қаржыландырылатын БАҚ Президентке өздерінің жаңалықтарынан 27%-дан 43%-ға дейінгі ең жақсы эфирлік уақытын арнады. [60]

Ал бәсекелесуші тараптарға келер болсақ, БАҚ оларға жаңалықтар топтамасынан 0,5 және 10 % баяндау уақытын ұсынады. [61]

Мемлекетпен қаржыландырылатын екі газет те осындай жағдайда болды. [62] Партиялардың көпшілігінің қызметі оңды немесе бейтарап болды, ал "Нұр Отанның» қызметі жағымды және көбірек баяндалды, ол Президент стратегиясының жетістіктерімен байланысты болды. Сайлау науқанының басқа қатысушыларының қызметін баяндағанмен салыстырғанда мемлекет қаржыландыратын арналар ЖСДП көшбасшысына сөз сөйлеуге мүмкіндікті аз берді, қашықтықта сөз сөйлеушілер кейіпін жиі көрсетті, және жалпы партия науқанының сайлаушылық платформасына емес, жиналыстар өткізілген орындар және таратылған үндеу парақтарының саны сияқты техникалық жағына көп көңіл бөлді. [63]

4 наурызда ЖСДП мемлекет қаржыландыратын телерадио хабар таратудың үш субъектілерінің оның сайлау науқанынының іс-шараларын баяндау мәнеріне ОСК-на шағым берді. Партияның пікірінше, арналардың ЖСДП мен оның үміткерлерінің мәнін азайту ниеті болған. 5 наурыздағы ауызша жауабында ОСК арналардың оқиғаларды баяндауы құқықтық талаптарға сәйкес келді деп түсіндірді. Алайда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ мониторингісінің нәтижелері мемлекет демеушілік ететін арналардың науқанның оқиғаларын баяндауы 10 наурыздағы жағдай бойынша бір аптаға жақсарды, бірақ сайлау науқанының соңғы екі күнінде қайта нашарлағандығы көрсетілген.

Мониторинг жүргізілген көптеген басқа бұқаралық ақпарат құралдарының баяндамаларының басым бөлігі бәсекелесуші тараптарға емес, Президентті қосқанда, ресми мемлекеттік органдарға арнап, сайлау науқанын сақтықпен баяндады. Бұл ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ талдаған бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында дерлік байқалды, мұндағы

---

60 Еуразия Бірінші Арнасы жаңалықтар баяндамасының 43 пайызын Президентке, оның ресми лауазымы аянсыдағы қызметіне, Президенттік институтына арнада, 24КЗ – 35 пайыз, Қазақ радиосы және Хабар – 33 пайыз және Қазақстан арнасы – 27 пайыз. Осы барлық баяндаманың екпіні жағымды немесе бейтарап болды.

61 Хабар арнасы жаңалықтар баяндамасының 10 пайызын Нұр Отан партиясына, 9 пайызын келесі партиялардың әрқайсысына арнады: Ақжол, Ауыл және ҚКХП және 8 пайыз – Бірлік және ЖСДП. Мемлекетпен қаржыландырылатын басқа телерадио хабар тарату субъектілері жаңалықтарының эфирлік уақытын келесідей бөлді: Қазақстан ұлттық арнасы – Ауыл және ҚКХП әрбіреуіне 9 пайыздан, Ақжол, Бірлік және ЖСДП – әрбіреуіне 8 пайыздан, Нұр Отан – 7 пайыз; 24КЗ арнасы – Ақжол, Ауыл, Бірлік, ҚКХП және ЖСДП – әрбіреуіне 7 пайыз және Нұр Отанға – 6 пайыз. Қазақ радиосы – әрбір қатысушыға 4 пайыздан; Еуразия бірінші арнасы – Нұр Отанға 3%, басқа қатысушылардың әрбіреуі 0,5% кем уақыт алды.

62 Егемен Қазақстан газеті өзінің саяси жаңалықтарының 26% баяндамасын Президентке арнады. 11 пайыз – Нұр Отан, 6 пайыз – Ауыл және Бірлік және 5 пайызы келесі партиялардың әрқайсысына: Ақжол, ҚКХП және ЖСДП. Казахстанская правда өзінің саяси жаңалықтарының 18 пайызын Президентке арнады, 9% Нұр Отанға; 8 пайызы келесі партиялардың әрқайсысына: Ақжол, Ауыл және ҚКХП; 7 пайызы – Бірлік және 6 пайызы – ЖСДП.

63 Оның үстіне, 9 наурызда ЖСДП Хабар телеарнасының атына эфирлік уақыттың онымен төленген сегменті бойы хабар тарату туралы сұраным жіберді. Дегенмен телеарна ролик редакциясын өзгерту туралы сұраным берді және оны прайм-тайм уақытында 15 наурыздан бастап таратуды бастады. БАҚ-ның ішкі ережесі хабарландыруды төрт күн бұрын беру қажеттілігін орнататындығына қарамастан, ролик алғашқы сұранымнан кейін алты күн өткен соң трансляциялана бастады.

мемлекеттік органдарға қатысты ақпараттың үлесі шамамен 90 пайызды құрады, ал Президент ең жағымды тұстан көрсетілді. 31 арна мен www.informburo.kz онлайн ресурсы бәсекелесуші тараптар туралы көптеген ақпаратпен, олардың әрекеттерін сынап, оқиғаларды теңдестіріп баяндап, сайлау науқанының ерекше көрінісін көрсете алды. «Жас Алаш» газеті Президентті қосқанда, билік етушілерді қатал сынға алған мониторингтің жалғыз БАҚ-объектісі болды.

## XI. АЗШЫЛЫҚ ҰЛТТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ

Қазақстанда 2009 жылы жүргізілген халық санағына сәйкес қазақтар ең ірі этникалық топты құрайды (63,1 %), одан кейін орыстар (23,7 %), өзбектер (2,9 %), украиндер (2,1 %), ұйғырлар (1,4 %), татарлар (1,3 %), немістер (1,1 %) және басқа топтар.

Конституция және Заң қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылатындығын, орыс тілі бірдей негізде қолдануға жататындығы және қазақ тілімен бірге мемлекеттік басқару органдары болып табылатындығын және басқа тілдерді қолдануды дамыту керектігін орнатады. Сайлау жөніндегі материалдар, сайлаушылар үшін ақпараттық материалдар және сайлау науқанының материалдары қазақ және орыс тілдерінде берілді, бірақ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ азшылық ұлттардың тілінде олардың болғандығын байқаған жоқ.

Кемсітушілікке жол бермеу қағидаларын құқықтық реттеуге енгізгеннен кейін сайлау туралы заң бойынша үміткерлерді Мәжіліске тіркеу үшін этникалық шығу тегі туралы деректерді ұсыну талап етілмейді, ҚХА номинациялаған тоғыз үміткерлерді санамағанда. Осылайша үміткерлердің тізімінде әрбір үміткерлердің этникалық шығу тегі туралы егжей-тегжейлер болған жоқ. Дегенмен ОСК кейбір партиялық тізімдерде қанша этникалық топтар ұсынылғандығын көрсететін баспасөз хабарламасын шығарды. [64]

Сайлау нәтижелерін анықтау және жариялауға қатысты сайлау туралы Заңда этникалық шығу тегі туралы деректер үміткерлердің таңдауы бойынша жариялануы керек деп көрсетілген. Сондай-ақ комиссия мүшелерін сайлау үшін этникалық шығу тегі туралы деректерді бөлуге қатысты құқықтық талаптар жоқ. Дегенмен, ОСК мұндай деректерді РСК және АСК үшін жинады. [65]

*Біздің пікірімізше, кемсітушілікке жол бермеу және деректерді қорғау қағидаларын сақтап, сайлауға қатысатын барлық үміткерлердің және сайлауды өткізу жөніндегі комиссияның барлық мүшелерінің этникалық шығу тегі туралы бөлінген бөлінген деректерді жинауды және шектеулі таратуды қамтамасыз ету үшін құқықтық реттеуге өзгертулер енгізу туралы мәселені қарастыруға болатын еді.*

Партиялардың көпшілігінің бағдарламалары этнос аралық келісімді қолдады. «Нұр Отан», «Ақжол» және «Бірлік» этникалық топтардың теңдігін басып айтты. ҚКХП этникалық белгілер бойынша кемсітушілікке қарсы тұрды және азаматтық қоғамды бұған жаппай қатысуға шақырды. ЖСДП және Ауыл қазақ тілін, ұлттық сана-сезімді, дәстүрлерді және мәдениетті жандандыруды өздеріне міндет қылды. Дегенмен, азшылық ұлттар мәселесі

---

[64] ОСК 2016 жылғы 9 қазандағы баспасөз хабарламасын қараңыз.

[65] Бұл деректерге сәйкес, барлық РСК және АСК мүшелерінің 80,5 пайызын этникалық қазақтар, 14,5 этникалық орыстар, 2,5% - украиндықтар және 2,5% басқа топтарды құрады. Бұл көрініс өңірден өңірге ерекшеленді. БҰҰ-ның нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі Комиссияның 2014 жылғы 14 наурыздағы «Қазақстан бойынша бірлескен алтыншы және жетінші мерзімді есептемелерді қорытынды байқау» ”(CERD/C/KAZ/CO/6-7) жұмысын қараңыз.

ешбір саяси партияның науқанында айқын қарастырылған жоқ. Сайлау науқанының алдында Президент Назарбаев орыс тілін ресми қолдануды баршаның алдында қолдады.

## XII. ШАҒЫМДАР МЕН АПЕЛЛЯЦИЯЛАР БЕРУ

Заң соттарға, жоғары тұрған комиссияларға және прокуратураға сайлау үдерісі туралы сайлаушылардың және партиялардың шағым беруінің жеткілікті мүмкіндігі орнатылады. Дегенмен заң апелляция құқығын Президентке, Парламент мүшелерінің бестен біріне, Парламенттің екі палатасының спикерлеріне және Премьер-министрге ғана беріп, сайлаудың ақырғы нәтижелеріне дауласу мүмкіндігін шектейді. Бұл үміткерлерге нәтижелердің әділдігіне дауласуға мүмкіндік бермейді және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. [66]

*Сайлау туралы заң сайлаушыларға сайлау нәтижелеріне олардың сайлау округінде тікелей дауласу мүмкіндігін беру үшін және сайлауға қатысушылардың барлығына Конституциялық кеңеске ақырғы нәтижелер бойынша апелляция беру құқығын беру үшін өзгертілуі тиіс.*

Сайлау науқанының барлық қатысушылары сайлау комиссияларының немесе жергілікті билік органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне және әрекетсіздіктеріне, сондай-ақ құқықтардың бұзылуына шағым жасай алар еді. Шағымдар болжамды бұзушылықтан кейін он күндік мерзімде берілуі тиіс. Комиссиялар мен соттар жалпы мәселелерді бес күндік мерзімде және егер шағым сайлаудан кейін бес күннен кем күн бұрын берілген жағдайда дереу қарастырылуы керек. [67]

Сайлау туралы заңға жақында енгізілген түзетулер бұрынғы түсініксіз тұстарға қатысты болды және ОСК шешімдеріне берілетін барлық апелляцияларға қатысты Жоғарғы сот құзыретке ие екендігі түсіндірілді. [68]

Науқан кезінде берілген аз ғана шағымдарды соттар мен прокурорлар дереу қарастырды. Бір шағым Жоғарғы сотқа берілді, ал барлық ел бойынша прокурорлар жалпы саны Мәжіліске сайлауға қатысты сайлау кезіндегі бұзушылықтар туралы үш өтініш алды.

Сайлау туралы заң сайлау комиссияларының шағымдарды қарастыру рәсімдері орнатылмаған. Сайлау күніне дейін ОСК Мәжіліске сайлауға қатысты 30 ресми хат алды, олардың ешқайсысын ОСК ресми шағым ретінде қарастырған жоқ. Бірқатар хаттар шағым сипатына ие болғанына қарамастан, олардың барлығы ақпарат беру, түсіндіру және

---

66 АСҚХП 2.3 (а) бабы бойынша Қатысушы мемлекеттер «Өздерінің ресми лауазымының аясында әрекет ететін тұлғалар бұзушылық жасағандығына қарамастан, осы құжатта құқықтары мен міндеттері мойындалған кез келген тұлға заңды қорғаныстың тиімді құралдарын ие болуын қамтамасыз етуге» міндеттелді. Сайлау құқығы мәселелері бойынша жағымды тәжірибелер жөніндегі Венециялық комиссия Кодексінің II.3.3.3.f абзацы былай дейді: «өздерінің сайлау округтерінде тіркелген барлық үміткерлер мен сайлаушылар шағымдану құқығына ие болулары керек. Сайлаушылар сайлау нәтижелері бойынша апелляция беру үшін орынды кворум туралы талап қойылуы мүмкін».

67 Заң жоғарғы сайлау комиссияларына төменгі деңгейдегі комиссиялардың шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне келіп түскен шағымдарды қарастыруға үш күн береді.

68 Жоғарғы соттың Судьяларының кандидатуралары Президентпен тағайындалады және Сенатпен расталады.

ұсыныстар туралы сұранымдар ретінде қаралды және осылайша жария түрде және алқа тәртібінде қарастырылған жоқ.[69]

*Үдеріске қатысушылардың барлығының заңды қорғаныстың тиімді құралдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін сайлау туралы Заң барлық даулы мәселелер шағымдар ретінде қаралуын талап етуі керек, сондай-ақ Заң шағымдарды қарау рәсімін тікелей орнатуы және барлық дауларды алқалы қарастыруды, сондай-ақ дәйекті шешімдерді жазбаша түрде шығаруды және бұл шешімдерді жариялауды талап ету керек.*

ОСК да, Жоғарғы сот та, Бас прокуратура да ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сайлау комиссияларының құрылуы және құрамы жөніндегі мәселелерді қосқанда, Мәслихатқа сайлауға қатысты алынған шағымдардың саны мен сипаты туралы ақпарат берген жоқ. Нәтижесінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ тарапынан парламенттік сайлауға болжамды бұзушылықтардың әсерін бағалауға, бұл шағымдарды қарастырудың бақылаушысы болуға және оларды шешудің тиімділігін бағалауға мүмкіндік болмады.

Сайлау күні және одан кейінгі күндері ОСК дауыс беруге, дауыстарды санауға және жүйелендіруге қатысты 35 ресми хат алды. Он бір шағы бүкіл ел бойынша соттарға берілді, ал прокуратура органдары сайлауды өткізу барысында бұзушылықтар туралы 21 арыз алды. Тек бір жағдайда ғана соттар мен прокурорлар шағымның фактілік негіздерін орнатты және шағым берген тұлғаның пайдасына шешім шығарылды.

Дауларды шешу үдерісінің ашықтығы және бақылаушылардың шағымдардың саны, сипаты және шешілуі туралы егжей-тегжейлі ақпаратқа қолжетімділігі сайлау күнінен кейін едәуір азайды. Көптеген сұранымдарға қарамастан ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на сайлау күні алынған шағымдардың сипаты туралы ақпаратты, сондай-ақ бұл мәселелерді шешудің егжей-тегжейлерін бермеді. ЖСДП Бас прокуратураға, ОСК-на берілген 51 шағымның көшірмесін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ұсынды. Шағымдардың ішінде, басқа жағдайлармен қоса, бір адамның бірнеше рет дауыс беруі, лайықсыз жеке куәліксіз сайлаушыларға дауыс беруге рұқсат беру және бақылау жүргізу үдерісіне кедергі жасау жағдайлары болды. ОСК сайлау күні берілген шағымдардың шешілуі туралы ешқандай ақпаратты жарияламады.

*Сенім деңгейін арттыру шарасы ретінде дауларды шешу үдерісінің ашықтығы барлық деңгейдегі сайлау комиссияларымен алынған шағымдар туралы, олардың сипаты мен шешілуі туралы ақпаратты заманауижариялау арқылы күшейтілуі керек.*

## XIII. САЙЛАУҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ

Сайлау туралы Заң азаматтар мен әлемдік қоғамның тарапынан сайлауға бақылау орнатады. Азаматтардың қатарынан бақылаушыларды қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдар тағайындай алады. Саяси партиялардың ұқсас құқықтарды қолданатын бақылаушылары мен өкілдерінің болуына құқықтары бар және бұл өкілдер сайлау учаскесінде нәтижелерді қайта санауды сұрай алады.

Сайлау туралы заң халықаралық бақылаушыларға сайлау өткізудің толық үдерісін бақылауға құқық береді, дегенмен азаматтар қатарынан алынған бақылаушыларға бұл

[69] 1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның адами өлшемдер жөніндегі Конференциясының Копенгаген жиынындағы құжаттың 5.11 абзацында былай делінген: «тұлғаға қарсы билік тарапанынан шығарылған шешімдер толығымен негізделген болуы керек және әдеттегідей, онда қарапайым заңды қорғаныс құралдары болуы керек».

құқықтың берілуіне кепілдік берілмейді. Оның үстіне, АСК және РСК халықаралық бақылаушыларға болсын, азаматтар қатарынан алынған бақылаушыларға болсын дауыстардың жүйеленуін тиімді бақылау үшін қажетті егжей-тегжейлі жиынтық тізімдемелермен бірге АСК және РСК хаттамаларының нәтижесін беруді міндеттемейді.

*Заң азаматтар қатарынан алынған бақылаушыларға толық сайлау үдерісін бақылауға кепілдік беруі керек және жиынтық деректердің шолуының егжей-тегжейлі кестелерімен АСК және РСК нәтижелерінің хаттамаларына құқықтарын айқын орнатуы керек.*

Билік халықаралық бақылаушылардың бірқатар тобын ашық және шектеусіз шақырды. Жалпы, ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ЕҚЫҰ ПА, ЕКПА, ТМД, Шанхай ынтымақтастық ұйымынан, Түрік тілді елдердің парламенттік ассемблеясынан, Ислам ынтымақтастығы ұйымынан және бірнеше шетелдік елдерден жалпы саны 817 бақылаушыны аккредиттеді. ЕҚЫҰ республикалық және өңірлік деңгейде парламенттік сайлаудың өткізілуіне бақылау жүргізген бірқатар азаматтық белсенділер болғандығы белгілі болды.

## XIV. САЙЛАУ КҮНІ

Сайлау күні дауыс беру жүргізу, дауыстарды санау және жүйлендіруді жүргізу кезінде өрескел процедуралық қателіктер байқалды. Халықаралық бақылаушылар кейде үдерісті бақылауға жіберілген жоқ. Сайлау күні СБХМ 415 сайлау учаскесінің ашылуына, 1 465 сайлау учаскесіндегі дауыс беруге, 143 сайлау учаскесіндегі дауыстардың саналуына және 208 АСК 126-дағы дауыстардың жүйеленуіне куәгер болды.

